

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
«BILIM QAZYNA» КММ
№6 «ОРМАН ЕРТЕГІ» БӨБЕКЖАЙ- БАЛАБАҚШАСЫ МКҚК

Ақтөбе қаласының білім бөлімінің

«29» 08 2024ж
№ 400 бұйрығымен

БЕКІТІЛДІ

БАҒДАРЛАМА

«Байқампаздар»

(Мектепалды тобы)

Ақтөбе 2024ж

Бағдарламаның негізі :

Е.Шаханов «Логикалық жаттығулар жинағы» Астана 2012 ж ,

Құрастырушы : А.А. Надиршина, тәрбиеші

№ 6 «Орман ертегі» бөбекжай - балабақшасының педагогикалық кеңес отырысында «Байқампаздар» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1

«27» тамыз 2024 ж

№ 6 «Орман ертегі» Б/Б меңгерушісі



Ж.Ж Бурханова

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында « Байқампаздар» бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 1

«28» 08 2024 ж

Сараптау комиссиясының төрағасы



Ж.Б Шалабаева

(қолы)

(аты-жөні)

**Ақтөбе қаласы, № 6 «Орман ертегі» бөбекжай-балабақшасының
«Байқампаздар» бағдарламасына**

ПІКІР

Мектепке дейінгі жастағы балаларды заман талабына сай жан – жағында болып жатқан құбылыстарға нақты көзқараспен қарауда, танымдық тәрбиені сапалы түрде беру керек.

Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты балалардың ойын үстінде отбасылық кіріс – шығыстарды үнемдеуге, бөгде адамдардың еңбегін бағалауды көздейді. Логикалық тапсырмалар баланың интеллектуалдық деңгейін көтереді. Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да педагог балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, іс – әрекетінде бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады.

Балалар заттарды қасиеттеріне қарап жалпылауға (бір, екі, үш) заттардың ұқсастығын және айырмашылығын түсіндіре алады, өздерінің ойларын дәйектей алады.

Балалардың ой-өрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін шыңдау, білімге деген қызығушылығын арттыру. Сондай-ақ, бағдарламада берілген тапсырмалар бала білімінің деңгейін көтеріп қана қоймай, бір-бірімен жақындастырып, достыққа, адамгершілікке, еңбекке тәрбиелейді, жүйелі ойлап сөйлеуге, сөздік қорын молайтуға, қиялын ұштауға жетелейді.

«Байқампаздар» бағдарламасы мектепалды тобына арналып құрылған. Бағдарламаны №6 «Орман ертегі» бөбекжай – балабақшасының тәрбиешісі Қ.А.Надиршина құрастырған.

Күтілетін нәтиже: Балалардың мектепке даярлығына, заттардың қасиетін аша білу және тапсырмаларды шешу.

Пікір беруші:

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты



ТҮСІНІК ХАТ

Жас ерекшелігіне сай танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгеріп, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге, ақпаратты күнделікті өмірлік мәселелерді шешуде қолдануға бағытталған.

Мақсаты: Балалар танымдық іс – әрекеттерді меңгерді .

Міндеттері:

- логикалық ойлау, салыстыру, талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастыру,
- өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту;
- талдап-ойлауға, есте сақтауға;
- ой-өрісті дамытуға, қиыншылықтарды жеңіп шығуға дағдыландыру.

«Байқампаздар» бағдарламасы мектепалды тобында (5-жас) арналған, сағат саны 36, аптасына 1- рет өткізіледі , бағдарлама 3 жыл бойына жүргізіледі.

Күтілетін нәтиже:

- логикалық ойлау, салыстыру, талдау, жинақтау дағдылары қалыптасады;
- өзін-өзі бақылай біледі ;
- жалпы және жеке қажеттілікті ажыратады;
- қиыншылықтарды жеңіп шығуға дағдыланады.



Тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы
1	Байқампаздар әлеміне саяхат
2	Қызмет деген не?
3	Супермаркет
4	«Сиқырлы қоршын»
5	Менің алғашқы саудам
6	Сырсандық
7	Дымбілмеске көмек
8	Көңілді тапқырлар алаңы
9	Отбасылық төлем
10	Маған не қажет ? мен нені қажет етемін
11	Тапқыр достар сайысы
12	Кішіпейілділік барлық мейірімділік істердің патшасы
13	Свет,су,газ біздің сенімді достарымыз
14	Қандай заттар адам өмірін қызықты етеді
15	Қандай сауда тиімді?
16	Тауардың бағасы неге байланысты?
17	Менің жағымды және жағымсыз жақтарым
18	Біздің байлығымыз
19	Еңбек тауар жасайды
20	Телефонды қолдану
21	Қарым – қатынас қажеттіліктің бір бөлігі
22	Баға
23	Не сатып алынады
24	Ханшайымдар шаруашылығы
25	Өндіріс орындары не үшін қажет?
26	Досың туралы не білесің?
27	Пайда
28	Жәрменке
29	Төлем ақы
30	Көшеде танымайтын адаммен кездескендегі тәртіп
31	Жарнама неге қажет ?
32	«Ғажайып алаң»
33	Сыйласаң , сыйлы боларсың
34	Ақ сандық
35	Мен қандаймын
36	Жас таланттар

T.ellu

Тақырыптық күнтізбелік жоспар

№	Тақырыбы	Бағдарлама міндеттері
1	Байқампаздар әлеміне саяхат	Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін, жақын адамдарға сүйіспеншілік, оларға қамқорлық жасай білуге үйрету. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Үлкендердің еңбегіне қызығушылықтарын арттыра білуге тәрбиелеу.
2	Қызмет деген не?	Қызмет жөнінде балаларға түсіндіру. Әр түрлі мамандық иелері туралы мағұлмат беру. Көрсетілген қызмет ақысы төленетіні жөнінде білімдерін қалыптастыру. Мұқиятылыққа, зейінділікке тәрбиелеу.
3	Супермаркет	Супермаркеттің қызметімен таныстыру. Қажетті заттарды таңдап алу арқылы ой – өрісін дамыту. Супермаркеттің басқа сауда орталығынан айырмашылығын ажырату. Үлкендердің еңбегіне қызығушылықтарын туғызуға тәрбиелеу.
4	«Сиқырлы қоршын»	Берілген сұрақтарға дұрыс жауап беруді ұғындыру. Сөздік қорларын дамыту. Білімділікке, тапқырлыққа тәрбиелеу.
5	Менің алғашқы саудам	Балаларды заттың бағасын ажырата білуге үйрету. Заттың құнын төлеу, қалдық ақшаны қайтарып беру. Санның құрамы туралы білімдерін тиянақтау. Мұқиятылыққа, зейінділікке тәрбиелеу.
6	Сырсандық	Балаларды қоршаған ортаға қалыптасуын дағдыландыру. Ересектермен, достарымен қарым қатынас жасай білуге үйрету. Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Жауапкершілікке тәрбиелеу.
7	Дымбілмеске көмек	Ұжыммен бірге әрекет етіп тапсырмаларды орындай білуге үйрету. Өздерінің қылықтарына жауап бере білуін қалыптастыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу.
8	Көңілді тапқырлар алаңы	Топ аралық жарыста өздерін көрсете білуге үйрету. Тапқырлыққа, ойын жүйелі, еркін

T. Allen

		жеткізуге дағдыландыру шығармашылық қабілеттерін дамыту.
9	Отбасылық төлем	Төлем ақының мағынасын түсіндіру Отбасылық қажеттерге бөлінетін төлем ақыларды орынды жұмсай білуге дағдыландыру дамыту . Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
10	Маған не қажет ? мен нені қажет етемін	Үлкен қажеттілік және адамдардың қажеттілігі , оның барлық адамдарға тән болатыны туралы балаларға түсінік беру. Білімге құштарлығын арттыру . Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікпен қызығушылыққа тәрбиелеу
11	Тапқыр достар сайысы	Топта бірлесе жұмыс істеуге, досының жұмысын бағалауға үйрету. Қатысушылардың шеберліктерін ой өрісінің қызығушылығын дамыту. Балаларды ұйымшыл болуға , шапшаңдылыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.
12	Кішіпейілділік барлық мейірімділік істердің патшасы	кішіпейілділік туралы түсінік қалыптастыру.Өз қылықтарын және достарының да қылықтарын талдай білуге үйрету. Жағымды қарым қатынас жасау іскерліктерін дамыту. Шыншылдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.
13	Свет,су,газ біздің сенімді достарымыз	Балаларға свет, су, газ, білім беру, олардың адам өміріне не үшін қажет екендігін түсіндіру. Логикалық, ойлау қабілеттерін дамыту. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікпен қызығушылыққа тәрбиелеу
14	Қандай заттар адам өмірін қызықты етеді	Балаларды қоршаған заттардың пайдасын көре білуге үйрету, ұқыпты пайдалану дағдыларын дамыту . Күтіп ұстайтын қожайын сезімін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
15	Қандай сауда тиімді?	Балаларға тауарлардың көтере (оптом) алу немесе жеке – жеке сатылуы, ол қандай сауда? Заттарды көтере қайдан алуға болады , ал жеке – жеке қайдан алуға болады? экономикалық терминдерді сөйлегенде пайдалана білуге үйрету. Тауарлар, сатушы, сатып алушы жөнінде білімдерін бекіту сөздік қорларын молайту, Сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

T.eller

16	Тауардың бағасы неге байланысты?	Көтере саудада тауардың бағасы арзан ал жеке алғанда қымбат болатыны жөнінде білімдерін бекіту. Балаларды тауардың бағасы сапасына, жылына, шығарылуына, әкелуіне жіберілген уақыттарға байланысты екенін түсіндіру. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Экономикаға қызығушылыққа тәрбиелеу.
17	Менің жағымды және жағымсыз жақтарым	Балаларға өздерінің ішкі қасиеттерін көрсете білу. Сыпайы сөйлеуге, байланыстыра сөйлеуге, сөздік қорын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
18	Біздің байлығымыз	Балаларға сатылатын және сатылмайтын заттардың болатыны туралы түсінік беру. Заттар сапалы және сапасыз болып екіге бөлінетіні жөнінде айту. Заттың бағасының неге байланысты екенін түсіндіру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Білімге деген қызығушылығын арттыруға тәрбиелеу.
19	Еңбек тауар жасайды	Тауар адам еңбегімен жасалатыны туралы түсінік беру. Мамандық жөнінде білімдерін бекіту. Жеміс жидектерді кім өсіреді – бағбан. Киімді кім тігеді – тігінші, т.б. Логикалық қабілеттерін дамыту. Үлкендер еңбегімен сыйлауға тәрбиелеу.
20	Телефонды қолдану	Телефонның қажеттілігін түсіндіру. Телефонды қолдану: трубку алып белгіні тыңдау, дұрыс номер теру, жауап күту, амандасу, сөйлесіп болғасын қоштасу қасиеттерін дамыту. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу.
21	Қарым – қатынас қажеттіліктің бір бөлігі	Балаларға қарым – қатынас жөніндегі яғни ол қажеттіліктің бір негізгі бөлігі екенін түсіндіру. Телефон бойынша әңгімелесу, жеке және жалпы қажеттілік туралы білімдерін тиянақтау. Бір – бірімен қайырымды қарым – қатынас жасай білуге тәрбиелеу.
22	Баға	«Баға» туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларды заттың бағасын ажырата білуге үйрету. Заттың құнын төлеу, қалдық ақшаны қайтарып беру. Санның құрамы туралы білімдерін тиянақтау.
23	Не сатып алынады	Балаларға сатылатын және сатылмайтын заттардың болатыны туралы түсінік беру.

Р. А. А.

		Заттар сапалы және сапасыз болып екіге бөлінетіні жөнінде айту. Заттың бағасының неге байланысты екенін түсіндіру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Сабакқа деген қызығушылығын арттыруға тәрбиелеу.
24	Ханшайымдар шаруашылығы	Шаруашылық туралы түсініктерін тиянақтау. Жермен жұмыс жасай білуге, үй жануарларын қарай білуге қызығушылықтарын арттыру.
25	Өндіріс орындары не үшін қажет?	Біздің экономикамыздың өсіп өркендеуіндегі өндіріс орындарының қажеттілігі туралы балаларға түсінік бере отырып, пәнге деген қызығушылығын арттыру. Сөздік қорын, ойлау қабілетін дамыту. Үлкендер еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.
26	Досың туралы не білесің?	Дос, туыс, жақын адамдар арасында өзара сыйластық туралы түсініктерін кеңейту. Жақын адамдарға сүйіспеншілігін арттыру. Достық, туыстық, сыйластық, қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу.
27	Пайда	Ақша, сату, пайда деген ұғымдарды таныстыруды жалғастыру. Пайда маңыздылығын түсіндіру. Ақшаны өз ретімен жұмсай білуге тәрбиелеу.
28	Жәрмеңке	Балаларды мерекелік жәрмеңкемен таныстыру. Жәрмеңкеге қатысу үшін түрлі заттарды жасай білу дағдыларын қалыптастыру. Балалардың ойлау қиялын дамыту. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.
29	Төлем ақы	Төлем ақының мағынасын түсіндіру. Отбасылық қажеттерге бөлінетін төлем ақыларды орынды жұмсай білуге дағдыландыру.
30	Көшеде танымайтын адаммен кездескендегі тәртіп	Көшеде танымайтын адамға тоқтамау, әңгімелеспеу, алаңдамау керектігін түсіндіру. Егер танымайтын адам сенімен әңгімелескісі келсе, танымайтындығын айту керек. Балалардың қоршаған орта жағдайына икемділіктерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
31	Жарнама неге қажет?	«Жарнама» деген ұғымды түсіндіру. Бір затты адамдар сатып алатындай етіп

T. Aliev

		қызықты әңгімелеуге үйрету. Баланың ойлауын , қиялын дамыту . Жарнаманы дұрыс таңдай білуге тәрбиелеу .
32	«Ғажайып алаң»	Білім деңгейлерін анықтау.Ой-өрісін,қызығушылығын,танымдық қабілеттерін дамыту.Тазалыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу.
33	Сыйласаң , сыйлы боларсың	Дос,туыс,жақын адамдар арасында өзара сыйластық туралы түсініктерін кеңейту. Жақын адамдарға сүйіспеншілігін арттыру. Достық,туыстық,сыйластық, қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу.
34	Ақ сандық	Айналадағы болып жатқан құбылыстарды бақылай білуге және бақылау кезінде байқаған ерекшеліктерді ажырата білуге үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту . Байқампаздыққа тәрбиелеу.
35	Мен қандаймын	Тұрмыста , қоғамда , табиғатта қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету . з ойларын білдіре білу қабілеттерін дамыту . Аңғарымпаздыққа тәрбиелеу
36	Жас таланттар	Балалардың қабілеттерін жан – жақты дамыту мақсатында түрлі тапсырмалар орындауға , өз бетінше іздене білу , есте сақтау қабілеттері дамыту . Іздемпаздыққа тәрбиелеу .

T. elley

Қолданылған әдебиеттер

Негізгі бөлім:

1. Е.Шаханов «Логикалық жаттығулар жинағы» Астана 2012 ж
2. С.А.Курак «Экономическое воспитание дошкольников» Москва 2002г
3. Т.Смирнова, Т.Проснякова «Путешествие в компании Белки и её друзей» 2005г
4. Э.Успенский «Бизнес крокодила Гены» ТПО «Интерфейс» Москва 2005 г
5. И.Светлова «Логика» Москва «Эксомо» 2008 г

Қосымша бөлім:

6. «Дошкольное воспитание» №9 2008г
7. «Дошкольное образование» №2 2010г
8. И.Светлова «Логика» Москва «Эксомо» 2008 г
9. «Мектепке даярлық» Журнал, №3 2010ж
10. «Обруч» №1 2011г
- 11.«Отбасы және балабақша» Журнал, №1 2012ж